

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ТорIQ - білім алудың жаңа форматы

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.06.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/180532/

Автор: Кожабергенова Фазира Есбулатовна

«С.Қырықбаева атындағы МЖШО бар орта мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі: Кожабергенова Фазира Есбулатовна

«ТорIQ - білім алудың жаңа форматы»

Қазіргі таңда білім беру саласы қарқынды түрде өзгеріп, жаңаша бағыттарға бет бұруда. Заманауи технологиялардың дамуы білім алушылар мен ұстаздар үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Осы тұрғыда ТорIQ онлайн платформасы - білім беру процесін тиімді, қызықты және қолжетімді ететін заманауи құрал ретінде ерекшеленеді.

ТорIQ дегеніміз не?

ТорIQ - мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арналған цифрлық білім беру платформасы. Бұл жүйе оқу пәндерін интерактивті түрде меңгеруге, тесттер арқылы білімді тексеруге, оқушының даму деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Платформа мазмұны Қазақстан Республикасының жалпы білім беру стандартына сай жасалған. «Алматыкітап баспасы» әзірлеген Қазақстандық веб платформа мұнда 1-11 сынып оқушыларына арналған 86 электронды оқулықты бір платформада жинақтайтын цифрлық кітапхана.

Білім алудың жаңа форматы

ТорIQ платформасы дәстүрлі оқытудан айырмашылығы - оқытуды геймификация, яғни ойын элементтері арқылы жүзеге асырады. Бұл оқушының қызығушылығын арттырып, сабақты жеңіл әрі тартымды етеді. Сонымен қатар, әр оқушы өзінің қарқынымен жұмыс істеп, қателерін түзетіп отыруға мүмкіндік алады.

Платформаның артықшылықтары

1. Қолжетімділік - интернеті бар кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді.
2. Жекелей оқыту - әр оқушы өз деңгейіне сай тапсырмалар орындай алады.
3. Нәтиже мен талдау - мұғалімдер оқушының жетістігін бақылап, нақты ұсыныстар жасай алады.
4. Ойын арқылы оқыту - білімді ойын түрінде беру арқылы есте сақтау қабілетін арттырады.

5. Үнемі жаңару – платформада жаңа тапсырмалар мен сұрақтар жүйелі түрде қосылып отырады.

Мұғалімдер мен ата-аналар үшін пайдасы

ТорIQ тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдер мен ата-аналарға да тиімді. Мұғалімдер үшін бұл – оқыту процесін оңтайландыратын, бағалау мен сараптауды жеңілдететін құрал. Ал ата-аналар баласының білім деңгейін бақылап, оқуға қалай қатысып жатқанын көре алады.

Қорытындай келе мен өз басым бастауыш сынып мұғалімін, маған ыңғайлылығы балаларға арналған қызықты тапсырмалар, жұмбақтар мен ойындар бар. Бала тапсырманы асықпай, өзіне ыңғайлы жылдамдықпен орындайды. Бұл әр оқушыға ыңғайлы.

ТорIQ – білім алудың жаңа форматы ретінде заманауи оқушының қажеттіліктеріне толық сай келеді. Білім беру технологияларына негізделген бұл платформа болашақта Қазақстандық білім жүйесінің ажырамас бөлігіне айналары сөзсіз. Сандық ғасырда білімді тиімді, қызықты әрі сапалы ету – ТорIQ сынды платформалар арқылы жүзеге асады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.